

**Индер аудандық мәслихатының 2015 жылғы 25 қарашадағы № 315-V "Мүгедектігі бар балалар қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу тәртібі мен мөлшерін айқындау туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

Атырау облысы Индер аудандық мәслихатының 2024 жылғы 28 мамырдағы № 92-VIII шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 30 мамырда № 5195-06 болып тіркелді

Индер аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Индер аудандық мәслихатының "Мүгедектігі бар балалар қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу тәртібі мен мөлшерін айқындау туралы" 2015 жылғы 25 қарашадағы № 315-V ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3378 болып тіркелген) шешіміне келесідей өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің қосымшасының 2-тармағы мынадай редакцияда мазмұндалсын:

"2. Мүгедектігі бар балалар қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу (бұдан әрі - оқытуға жұмсаған шығындарды өндіріп алу) мүгедектігі бар баланың үйде оқу фактісін растайтын оқу орнының анықтамасы негізінде "Индер аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі жүргізеді."

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Индер аудандық  
мәслихат төрағасы*

*А. Рамазанов*